

## **Қызылқоға аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № XXXIV-4 шешімі

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5 тармақшасына сай, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылқоға аудандық мәслихатының төмендегі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 16 маусымдағы № XXIV-1 "Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2938 санымен тіркелген, аудандық "Қызылқоға" газетіне 2014 жылдың 3 шілдесінде № 25 санында жарияланған) шешімі;

2) Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № XXIX-4 "Қызылқоға ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3078 санымен тіркелген, аудандық "Қызылқоға" газетіне 2015 жылдың 15 қаңтарда № 2 санында жарияланған) шешімі;

3) Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 27 наурыздағы № XXX-6 "Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № XXIX-4 "Қызылқоға ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3154 санымен тіркелген, аудандық "Қызылқоға" газетіне 2015 жылдың 16 сәуірінде № 15 санында жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

*Сессия төрағасы,  
мәслихат хатшысы:*

*Т. Бейсқали*